

**Т.Рысқұлов ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке  
толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау  
жөніндегі комиссиясы отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Құлан ауылы

№ 13

14 тамыз 2023 жыл

**Төрағалық еткен:** Ә.Терлікбаев - аудан әкімінің орынбасары;

**Комиссия хатшысы:** Ғ.Раймбаев - Т.Рысқұлов ауданы әкімі аппаратының құқық қорғау органдарымен жұмыс және құқықтық қамтамасыз ету бөлімшесінің бас инспекторы.

**Қатысқандар:** (тізім қоса тіркеледі).

**Күн тәртібі:**

**1. Шолақ-Қайыңды ауылында орын алған оқыс оқиғаға қатысты.**

**2. Әр түрлі мәселелер.**

Комиссия мүшелері жоғарыда айтылған мән жайларды тыңдап, саралап, қорытындылап күн тәртібі бойынша қаралған мәселелерді зерделей отырып, төмендегідей **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Баяндамашылар мен хабарламашылардың баяндамалары мен хабарламалары, мәлімдемелері назарға алынсын.

2. Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің басшысы (М.Базарова, келісім бойынша - жинақтау), Құлан агротехникалық жоғарғы колледі директоры (О.Мұсақұлов-келісім бойынша) заң талаптарына сәйкес:

2.1. Жамбыл атындағы орта мектебінің оқушыларының әлеуметтік паспорттары дұрыс жасақталмағандығы аталып өтілсін.

*Орындалу мерзімі: тұрақты.*

2.2. Оқыс оқиға орын алған Жамбыл атындағы орта мектебінің оқушылардың әлеуметтік паспорттарын толтыруға жауапты қызметкерінің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

*Орындалу мерзімі: 01.09.2023 жыл.*

2.3. Оқыс оқиға орын алған отбасына қолдау бойынша іс-шаралар жоспары бекітілсін.

*Орындалу мерзімі: 18.08.2023 жыл.*

2.4. Барлық білім беру ұйымдарындағы оқушылар мен тәрбиеленушілердің әлеуметтік паспорттары қайта жаңартылып, тиісті мәліметтердің толық болуын және ерекше мән беруді қажет ететін жайттарға назар аударылып, ұсыныстар енгізіліп отырсын.

*Орындалу мерзімі: 25.08.2023 жыл, әрі қарай тұрақты.*

2.5. Облыс және аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының хаттамалары, кәмелетке толмағандардың құқықтарын

қорғау мен іске асыруға арналған бағдарламалық құжаттар мен жоспарлар барлық білім беру ұйымдарына жетуі қамтамасыз етіліп, сол мекемеде жинақталуын қамтамасыз етіп, олардың орындалуын қатаң бақылауға алулары тиіс.

*Орындалу мерзімі: тұрақты.*

2.6. Кәмелетке толмағандар арасында суицидтің алдын алу жұмыстарына баға бере отырып, жұмыстарды күшейтсін және тың идеялармен тәжірибелер ұсынсын.

*Орындалу мерзімі: тұрақты.*

2.7. Осы уақытқа дейін оқыс оқиғаларға душар болған (суицид, қылмыс және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған немесе оны жасауға оқталған, өзгелерден жәбір көрген т.с.с) немесе оқталған оқушылар мен кәмелетке толмағандар тиісті жауапты мамандардың (оқу орнының басшысы, психолог, сынып жетекшісі, т.с.с.) тұрақты қатаң бақылауларында болуын қамтамасыз етсін.

*Орындалу мерзімі: тұрақты.*

3. Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің басшысы (М.Базарова, келісім бойынша), Т.Рысқұлов аудандық орталық ауруханасы (келісім бойынша), аудан әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы (Е.Айдархан), аудан әкімдігінің спорт және денешынықтыру бөлімінің басшысы (Е.Шабеев) заң талаптарына сәйкес:

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, кәмелетке толмағандардың қатысуымен білім беру, тәрбиелеу және дамыту, демалысты ұйымдастыру және сауықтыру, дене шынықтыру және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласындағы ұйымдарға: адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін қудалауда болған немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған адамдарды жұмысқа орналастыруға жол берілмейтіндігін басты назарда ұстасын.

*Орындалу мерзімі: тұрақты.*

4. Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің басшысы (М.Базарова, келісім бойынша - жинақтау), комиссия мүшелері, Тереңезек ауылдық округінің әкімі (Қ.Смат), барлық мүдделі органдар заң талаптарына сәйкес:

Оқыс оқиғалар орын алған кезде кәмелетке толмағандардың отбасыларымен жеке жұмысты жүргізу, балаларға қатысты әр оқиғалардың алдын алу, түсіндіру жұмыстарын өз салалары бойынша тиісті бағытта ұйымдастыруды үйлестірсін.

*Орындалу мерзімі: тұрақты.*

**5. Т. Рысқұлов ауданының білім бөлімінің басшысы (М. Базарова, келісім бойынша-жинақтау), Т. Рысқұлов аудандық орталық ауруханасы (келісім бойынша) заң талаптарына сәйкес:**

5.1. Оқыс оқиға орын алған отбасыдағы кәмелетке толмағандарға қатысты медициналық-бейімдеу жұмыстарын жүргізуді, арнайы мамандардың қызмет көрсетуін ұйымдастырсын.

*Орындалу мерзімі: 01.09.2023 жыл.*

**6. Т. Рысқұлов ауданының білім бөлімінің басшысы (М. Базарова, келісім бойынша-жинақтау), Құлан агротехникалық жоғарғы колледі директоры (О. Мұсақұлов-келісім бойынша), Аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының хатшысы (Ғ. Раймбаев) заң талаптарына сәйкес:**

Ағымдағы жылдың қыркүйек айы «Сапалы тәрбие – саналы ұрпақ» тақырыбымен ата-ана жауапкершілігі мен белсенділігін арттыру айлығы деп жариялау үшін жоспарын әзірлеп, бекітуге ұсынсын.

*Орындалу мерзімі: 25.08.2023 жыл.*


**7. Аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының хатшысы (Ғ. Раймбаев) заң талаптарына сәйкес:**

Алдағы комиссия отырыстарына күн тәртібіне сәйкес, аудандық орталық аурухананың жауапты қызметкері қатысуын қамтамасыз етсін.

*Орындалу мерзімі: тұрақты.*

**8. Осы хаттаманың орындалуын бақылау аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысы Ғ. Раймбаевқа жүктелсін.**

**Комиссия төрағасы**



**Ө. Терлікбаев**

**Комиссия хатшысы**

**Ғ. Раймбаев**